



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ  
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ  
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ  
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

## АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ  
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ  
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

## МАТЕРИАЛДАРЫ

II КІТАП

## АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

## МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ  
КОНФЕРЕНЦИИ

«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,  
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

II КНИГА



## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Қуанышбаев Сеитбек Бекенович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

**Жарлыгасов Женис Бахытбекович**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

**Скударева Галина Николаевна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

**Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

**Ибраева Айман Елемановна**, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

**Онищенко Елена Анатольевна**, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

**Демисенова Шнар Сапаровна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

**Утегенова Бибикуль Мазановна**, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

**Смаглий Татьяна Ивановна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

**Жетписбаева Айсылу Айратовна**, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. II Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1231 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. II Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1231 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



УДК 37.02  
ББК 74.00

направленность проектов имеют большое значение для воспитания детей. Таким образом, проектная деятельность является контекстуальной деятельностью всего образовательного процесса, в котором участвуют учителя, учащиеся, родители и представители социума. В этом тандеме разрабатываются проекты разных уровней и содержания.

В школе организованы кружки, которые позволяет перевести массовые образовательные и воспитательные технологии на уровень индивидуальной переориентации на каждого ученика, в центре внимания оказываются его личные качества, способности и устремления. И это позволяет ребенку идти по собственному пути развития.

Таким образом, своевременное выявление, сопровождение и поддержка одаренных детей является важнейшим условием для формирования интеллектуального потенциала современного общества.

#### **Список литературы:**

1. Богдавленская Д.Б., Брушлинский А.В., Бабаева и др. «Рабочая концепция одаренности», М., 2003. – 90 с.
2. Зеер Э.Ф. Психология профессионального образования: учебник для студ. учреждений высш. проф. образования / Э.Ф. Зеер. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Издательский центр «Академия», 2013. – 416 с.
3. Даль В.И. Толковый словарь живого великорусского языка. – М.: «Русский язык», 1980. – С.272.
4. Семенова Н.В. Психологическое сопровождение работы с одаренными детьми // Актуальные проблемы психологии образования: Материалы второй региональной научно-практической конференции – Н. Новгород: НГЦ, 2001. – С.86-89.
5. Блинова В.Л., Блинова Л.Ф. «Детская одаренность: теория и практика: учебно-методическое пособие», – Казань: ТГГПУ, 2010. -56 с.
6. Юркевич В.С. Проблема сохранения здоровья педагогов в школах, ориентированных на работу с одаренными детьми // Одаренные дети – достояние Москвы: Сборник материалов научно-практической конференции Университетского образовательного округа МГППУ (21 февраля 2007 г.) – М.: ООО «АЛВИАН». – С.115-117
7. Детская одаренность как цель, средство и результат образовательной практики / Под ред. В.Б.Новичкова. – М.: Перспектива, 2002.с.124

ОӘЖ 37.088

### **ПЕДАГОГ ҰЖЫМЫНЫҢ КӘСІБИ ШЫҢДАЛУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

Кубекова Индира Кенжетаевна  
мектеп басшысы  
«Әуликөл ауданы білім бөлімінің №1  
Құсмұрын жалпы білім беру мектебі» КММ  
E-mail: indira\_0809@mail.ru

#### **Аңдатпа**

*Бұл жұмыста мектеп басшысының педагог ұжымымен эмоционалдық интеллектіні және 4К жүйесін дамыту бойынша жүргізілетін жобасы көрсетілген. Аталмыш жоба, білім беру ұйымдарында жаңа жоба болып келеді. Берілген жұмыста педагогикалық ұжыммен жүргізілген және әлі де жүргізілудегі бағдарлама мақсатына қатысты өзекті міндеттер ашық сипатталған. Мақсатқа жету жолында автор жаңа жобаның күтілетін нәтижесін белгілеп, оған жету бойынша жұмыстарын ұйымдастырған. Өткізу жолын дәлелдер мен ұсыным.*

**Түйінді сөздер:** эмоция, интеллект, стресс, төзімділік.

#### **Аннотация**

*В данной работе описывается проект директора общеобразовательной школы по развитию эмоционального интеллекта и системы 4К у педагогического коллектива. Проект является инновационным и был согласован с отделом образования. В работе открыто описываются актуальные вопросы и задачи соответствующие целям проекта. Проект ещё на стадии проведения, этапы автор подкрепил доказательствами.*

**Ключевые слова:** эмоция, интеллект, стресс, выносливость.

#### **Abstract**

*This paper describes the project of the director of a comprehensive school for the development of emotional intelligence and the 4K system among the teaching staff. The project is innovative and has been*

approved by the Department of Education. The work openly describes topical issues and tasks corresponding to the goals of the project. The project is still at the stage of implementation, the author supported the stages with evidence.

**Key words:** emotion, intelligence, stress, endurance.

Жалпы білім саласында педагогика және психология аспектілері қатар жүреді. Себебі қазіргі таңда білім берумен қатар, оқушылардың тұлғалық қалыптасуы мен дамуын, олардың рухани-адамгершілік тәрбиесін мектеп басты назарға алу керек. Өкінішке орай, педагогтердің барлығы бұндай жұмысты жүргізуге дайын емес. Көбісіне, өздері жаңа білімді қабылдауға құлықсыз, ынтасыз болып шықты.[1,28 б] Осыған орай мұғалімнің ішкі әлемін реттеуге, яғни қайта баламалауына (переориентация) назар аударуымыз керек деп ойлаймын. Бұл ашық мәселе, себебі «қолыңда алмаларын болмаса, онымен бөлісу мүмкін емес» дегендей, қалай біз оқушыларда сын тұрғысынан ойлау, ынтымақсатықта және бір командада жұмыс жасай алу дағдыларын қалыптастыра аламыз, егер де ол дағдылар өзімізде жеткілікті деңгейде қалыптаспаған болса. Егер өз-өзімізді ұстай, эмоцияларымызды айқындай және бағындыра алмасақ, жаңа білім алуға өздерімізді уәждендіре алмасақ?!

2021 жылдың қыркүйегінен №1 Құсмұрын жалпы орта мектебінде «4К жүйесін қалыптастыру құралы ретінде эмоционалды интеллектіні дамыту» тақырыбында аудан білім бөлімімен келісілген инновациялық жоба өз жұмысын бастады. Бұған негізгі себеп болған жұмыстың соңғы үш жылда 38% жаңаруы, жаңа келген мұғалімдердің өз жұмысына немқұрайлықпен қарауы, жалпы ұжымның бір-бірімен коммуникация құра алмауына байланысты болып тұратын кикілжің жағдайлар. Басшы ретінде бұндай мәселенің ары қарай таралуына жол бермеу керектігін және шешу жолдарын қарастыру керектігін түсіндім. [2, 58 б.]

Интернет кеңістігінде Мұғалім мен оқушы, өзара мұғалімдер арасында, не ата-анаға қатысты кикілжің жағдайлар көрсететін көптеген видео жазбаларды көре аламыз.


Педагог қызметінің стрессогендік екенін есепке ала отырып, байқағаным, өз ұжымымның мұғалімдерінің мектеп ішіндегі стресске төзімділігі төмен болып келетіні.

Ең бастысы мен өз алдыма мынадай сұрақ қойдым: Неліктен мұғалім стресске жақын болады? Неге өзара қарым-қатынас жасау оларға қиын? Психологиялық тұрғыдан бұған не әсер етеді?

Өзірленген кешенді бағдарлама эмоционалды интеллектінің ішкі тұлғалық және тұлғааралық аспектілерінің дамуына жағымды әсер етуде, сонымен қатар оқу мен оқыту процессінде 4К жүйесіндегі дағдыларды қалыптастыруға арналған. Өйткені, эмоционалдық интеллектісі дамыған адам өзінің бойында келесі икемді дағдыларды аксиома ретінде көре алады: сыни ойлау, бір командада жұмыс жасай білу, бір-бірімен қарым- қатынас жасау және шығармашылық түрде ойлай алу.

Зерттеу жұмысы кезінде Дмитрий Васильевич Люсиннің эмоционалды интеллект моделіне сүйеніп отырдым. Зерттеуге өз еркімен 23 мұғалім қатысты. Д.В. Люсиннің сауалнамасының нәтижесі көрсеткендей мұғалімдердің эмоционалды интеллектің төменгі деңгейі – 26,9%, орташа деңгейі – 43,5% көрсетті. Тұлғааралық ЭИ тұлғашілік ЭИ қарағанда жоғары болып келеді. Яғни, педагогтер негізінен өзгелердің эмоционалды көріністеріне зейін қойған және өзінің ішкі әлемін елемуге бейімделген екен. Осыдан мұғалімдердің ойы негізінен өзгелердің көңіл-күйіне, өзгелердің ой-толғауына бағытталған. [3 124 б.] Жеке өздерінің эмоционалды жайы туралы ойламайды. Мүмкін бұл біздің менталитетімізге байланысты болар. Ал өзін тани алмаған адам, өзгені де тани алмайды.

Д. В. Люсиннің эмоционалды интеллект моделі бойынша тестілеу қорытындысы



Эмоционалды интеллект деңгейлері:

Төменгі деңгей – эмоцияны басу

Орташа деңгей – эмоцияны бағындыра алу

Жоғары деңгей – эмоцияны бақылай алу

Сонымен қатар, мұғалімдермен жеке әңгімелесулер өткізу кезінде және жалпы ұжымда болып жатқан жағдаяттарды саралай келе мынадай мәселе анықталды: негізінен ұжымның дерлік 80% «ішкі бала» және «ішкі ата-ана» рөлдерінде екені (Э. Берн психологиялық рөлдеріне сәйкес. Родитель, ребенок, взрослый), яғни «ішкі Ересек позициясын» жиі жоғалтып алады, не болмаса ол мүлдем қалыптаспаған. Ал «ішкі бала» және «ішкі ата-ана» позициясында жүрген адамға өзімен, өзгемен және жалпы әлеммен қарым-қатынасқа түсу өте қиын болып келеді. Себебі, ол өзінің ішкі мотивтерін түсінбейді, өз эмоцияларының барлық спектрін ажырата алмайды, сезімдерін бақылай алмайды. Осыдан қарым-қатынас жасау, командада жұмыс жасай алуда мәселелер туындайды. Өзіне деген сенімділік болмайды, жеке шекаралары (личные границы) қалыптаспаған. Оның қаруы тек қана ренжу, күнә тағу, манипуляция, жауапкерсіздік, және т.б. Жауапкершіліктің болмауы ерте ме, кеш пе педагогтың созылмалы шаршауына, не депрессияға алып келуі мүмкін. Мұғалімдерден эмоционалды шаршау және депрессия мүмкіндігін анықтау үшін «Бектің депрессия шкаласы» бойынша тест алынып, 42%-да жеңіл депрессия бар екені анықталды.

Ал ішкі ересек позициясында жүрген адам қандай болады сонда?

Ең бастысы бұндай адамның өз сөзіне, өз ісіне деген жауапкершілігі жақсы қалыптасқан болады. Себеп–салдар мотивін түсінетін, компромисске келе алатын, сындарлы ойлайтын, өзгемен субъект-субъект кеңістігінде қарым-қатынас жасай алатын адам.[4 184б.]

Осының барлығын фокусқа алып, мұғалімдерге әлеуметтік психология саласынан алғашқы түсініктемелерді беруді және жалпы эмоционалды интеллектіні қалыптастыруды жөн көрдім. Себебі, мұғалімнің стресске төзімділігі, эмоционалды шаршау синдромының алдын алу және өмірлік қанағаттандырылуының ұтымды деңгейінің болуы өз «ішкі ересек» позициясының, өзінтани алумен тікелей байланысты. Бірақ жоғарыда айтылғандарға жету, үшін мұғалім жағымсыз эмоцияларымен жұмыс жасай отырып, өз эмоцияларын психоқорғаныш (психозащита) жағдайынан ОҚУ – білімге ашық жағдайына дейін қайта баламалай алу керек. Осының барлығын жүзеге асыруға көмектесетін психологиялық инструмент бар, ол – эмоционалды интеллект.

Жобаның мақсаты анықталды: 2021-2022 оқу жылы аралығында педагогикалық үрдіс қатысушыларының (мұғалімдер) 65%-да эмоционалды интеллектіні дамыту арқылы 4К (сын тұрғысынан ойлау, командалық жұмыс, қарым-қатынас құра алуы, шығармашылық) жүйесін қалыптастыру.

Міндеттері:

1 Педагогикалық ұжымның тұлғалық даму үрдісіне, өзара қарым-қатынас мәдениетін құруына, шығармашылық потенциалының жүзеге асырылуына,ынтымақтастықта жұмыс жасай алуына бағыт беру;

2 Педагогтердің эмоционалды шаршау синдромының алдын алу және өмірлік қанағаттандырылуының ұтымды деңгейіне жетуіне ықпал ету;

3 Оқушыларда икемді дағдыларды қалыптастыру үшін эмоционалды аймақты дамытуға ықпал ету

4 Мұғалім мен оқушылардың «ішкі ересек» рөлінің қалыптасуына жағдай жасау

Зерттеу әдістері:диагностика, түзету-дамыту қызметі, тренинг, кеңес, педагогикалық кеңес, семинар-практикум.

Жобаға қатысушылар:өз қалауымен қатысып жүрген 23 педагог

Мектеп басшысы және психолог-практик есебінде менжобадан келесі нәтижелерді күтемін:

1.Педагогтардың65%-даөзінің эмоционалды жағдайын басқару дағдысы бар;

2. Педагогтар 4К жүйесі аясында кәсіби қызметінде, жаңашыл белсенділіктерін (мақалалар, сөз сөйлеу баяндамалары, конкурстарға қатысу және т.б.) шығармашыл түрде жүзеге асыруға ие; Өзіне деген сенімділігі бар,ішкі ресурстарын дұрыс арнаға бұра алады. Бастаған ісін соңына дейін аяқтай алады.

3. Каскадты әдіс арқылы білім мен дағдылардың берілуін ескере отырып: Білім алушылардаэмоция және сезім базалары туралы түсінік қалыптасады. 4К жүйесі аясында жұмсақ дағдыларға ие табысты тұлға ширатылады.

4. Баланың эмоционалды аймағын қалыптастыруда педагогсаналы түрде үлес қосады.

Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны 4 бөлімнен тұрады:

*I бөлім – "Эмоционалды сауаттылық"*

Бөлімнің мақсаты: өз эмоциясын және өзгелердің эмоцияларын саналы түсінуге және қабылдауға ықпал ету.

*II бөлім – "Эмоционалдыөзін-өзі реттеу"*

Бөлімнің мақсаты: өз қылықтарын ерікті түрде басқара білу, эмоционалды жағдайды реттеу дағдыларын дамыту.

### *III бөлім – "Эмпатия"*

Бөлімнің мақсаты: эмпатияға, өзге де адамдардың уайымына, жағдайына түсіністікпен қарау қабілеттерін дамыту.

### *IV бөлім – "Әлеуметтік дағдылар"*

Бөлімнің мақсаты: өзгелермен қарым-қатынас жасауда қылықты дұрыс ұстауға, қарым-қатынас орнату мен оны ұстап тұруға, коммуникация, әрекеттесу дағдыларына, командада жұмыс жасау және конфликті жағдайлардан алшақ болуға үйрету.

Аталмыш жобаның жоспарына сәйкес 1 жылда біршама жұмыс жүргізілді:

1 Ұжымның эмоционалды интеллектінің орташа деңгейі 43,5%-дан 59% га дейін өсті;

2 Педагогтермен 18 тренинг өткізілді. Қарастырылған тақырыптар жоспар бойынша болды: «Эмоционалды интеллект дегеніміз не?», «4К жүйесінде икемді дағдылар дегеніміз не?», «Эмоционалды сауаттылық», «Жағымды және жағымсыз сезімдер әлемі», «Өзін –өзі реттеу әдістері (инструменты переориентации)» және т.б.

3 Мұғалімдер эмоционалды интеллектің 40 инструментімен танысып, оны өз өмірлеріне кіріктіре бастады;

4 Тұлғааралық қатынастың жақсаруына байланысты мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасқа түсуі жеңіл бола бастады, себебі ол қандай да бір жағдай болса оған адекватты баға беруді және кикілжің жағдайларды тудырмауды үйренді;

5 Мұғалімдердің күйзеліске төзімділігі артты;

6 Өздігінен реттелу, өзін-өзі уәждендіре алу, өзін-өзі сыйлау көрсеткіштері 1-ші тестілеумен салыстырғанда біршама артты. Осының салдарынан өзінің ойын экологиялық тұрғыдан ашық айтуға үйренді;

7 Педагогикалық ұжымның тұлғалық даму үрдісіне, шығармашылық потенциалының жүзеге асырылуына ықпал етілді, себебі өзіне деген сенімділік қалыптаса бастады. Өз алдарына мақсат қойып, қателесу арқылы болса да соған жету жолдарын қарастыра бастады. Түрлі конкурстарға қорықпай қатысуы көбейді;

8 Жеке тұлғалық өсудегі өзіндік рефлексия жасау дағдысы қалыптасты.

Менің ойымша, әр адамның мақсаты өзімізге сапалы өзгерістер еңгізу болу керек. Оны тек өзімізбен жұмыс жасау арқылы жүзеге асыра аламыз.

Ойымды Абай атамның сөзімен түйіндегім келеді: ортаға білімділігіңмен емес, көркем мінезіңмен сиясын. Мінезге бай болсаңыз, мінезің көркем болса ғана, әрбір ақыл өзіңізге пайда береді. Пайда берер ақылды, көркем мінезге ие, жұртқа жақын тұлға бола білейік.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1 Гоулман, Д. Эмоциональный интеллект / Дэниел Гоулман; пер. с англ. А. П. Исаевой. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА; Владимир: ВКТ, 2009 – 478, [2] с.

2 Эмоциональный интеллект. Российская практика / Сергей Шабанов, Алена Алешина: Манн, Иванов и Фербер; Москва; 2014 URL: [http://www.litres.ru/pages/biblio\\_book/?art=6370989](http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=6370989)

3 Кови Стивен Р. Семь навыков высоко эффективных людей: Мощные инструменты развития личности / Кови Стивен Р. ; Пер. с англ. – 4-е изд. – М.: Альпина Бизнес Букс, 2009 — 374 с.

4 Бредберри, Тревис Эмоциональный интеллект 2 / Тревис Бредберри, Джин Гривз ; пер. сангл. Павла Миронова. – 3-е изд. – М. : Манн, Иванови Фербер, 2017. – 208 с.